

**«Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды
реттеу агенттігі қызметінің негізгі бағыттары»
тақырыбында 2012 жылғы 16 сәуірде өткен
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы М.М. Оспановтың баяндамасын тыңдап, мыналарды **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

-кәсіпорындардың негізгі активтерін жаңғыртуға, техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыруға және жаңартуға инвестиция тартуды көздейтін шекті тарифтер бойынша жұмыс істейтін табиғи монополия субъектілерінің санын көбейту бойынша шаралар қабылдасын;

-энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтерді қолданудан алған кірістерді пайдалануын және әрбір қаржы жылы бойынша инвестициялық бағдарламаларға қаражат салуына мониторингті және бақылауды күшейтсін, сондай-ақ олардың игерілмеген қаражатты тұтынушыларға қайтаруды жүргізу міндетін көздейтін болсын;

-тұтыну шамасы бойынша сараланған көпдеңгейлі тарифтерді енгізу арқылы тарифтердің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өсуін тежеу бойынша жұмысты жандандырсын және көрсетілетін коммуналдық қызметтер сапасының стандартын арттырсын;

-субъектілердің инвестициялық бағдарламаларға енгізілген басым іс-шараларды іске асыруы арқылы нормативтік-техникалық шығындарды азайту және нормативтен тыс шығындарды жою жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

-преференцияларды, субсидияларды, жеңілдікті салық салу мен кредит беруді қамтитын баламалы энергия көздерін өндіруді, дамытуды және енгізуді қолдаудың нақты тетіктерін әзірлесін;

-үйдің жалпы шығыстарын қоса алғанда, тұтынушылардың шоттарында ақы төлеу сомаларын негізсіз көрсеткені үшін,

сондай-ақ оларға көрсетілетін қызметтерді шектеп, қызмет көрсетуден бас тартқаны үшін сумен, газбен, электрмен және жылумен жабдықтау саласында қызмет көрсетушілердің жауапкершілігін арттырсын;

-көрсетілетін қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етуге және жабдықтаушы ұйымдардың әкімшілік шығыстарының нормаларын төмендетуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық нормаларды пайдалана отырып, суды, газды, электр және жылу энергиясын есепке алудың бірыңғай ақпараттық-интеграцияланған автоматтандырылған жүйесін енгізу туралы мәселені қарастырсын;

-тұтынушылардың әлеуметтік жағынан әлсіз санаттарына электр энергиясының төмендетілген тарифтерін қолдану практикасын жалғастырсын және оны сумен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтерге қолданын;

-энергия өндіруші ұйымдар өздеріне жақын орналасқан елді мекендерді, әсіресе моноқалалар мен ауылдық өңірлерді электр және жылу энергиясымен бірінші кезекте және үзіліссіз жабдықтау жөнінде шаралар қабылдасын;

-электрмен, жылумен жабдықтау және жолаушылар тасымалдары бойынша әлеуметтік маңызы бар қызметтер көрсетуде негізгі тарифтер құрамдасының бірі болып табылатын отынның бағасын мемлекеттік реттеуді көздейтін болсын;

-табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган мұнай өндірісі саласындағы уәкілетті орган есептейтін көрсеткіштерге байланыстырмай, жанар-жағар майға арналған шекті бөлшек сауда бағасын белгілеу, сондай-ақ мұнай өнімдерін өткізуге арналған шекті бағаны айқындау тетіктерін қайта қарау мүмкіндігін қарастырсын;

-тарифтік саясат жөнінде қабылданатын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін сумен, газбен, электрмен және жылумен жабдықтау тарифтерінің, сондай-ақ авиа және теміржол тасымалдары бойынша тарифтердің алдағы өзгеруі туралы тұтынушылар арасында жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізетін болсын.